

Қазақ Хандығының 550 жылдығы мен 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай Мақтарал ауданында ағымдағы жылдың 10 желтоқсан күні аудандық «Жастар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұлдесі үшін «**Спорт – жігер, Спорт - бірлік**» атты ұранымен еркін күрестен жасоспірім арасында аудан біріншілігі өтті. Жетісай қаласындағы спорт кешенінде болып өткен іс-шараға аудандық «Жас Отан» Жастар канаты мен ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұжымы да қолдау көрсетті.

Жарысқа Мақтарал ауданының спортшылары қатысты. Сайыс негізінен 2003–2005 жылдары туылған 29кг, 32кг, 35кг, 38кг, 42кг салмақта, 2001-2002 жылдары туылған 38кг, 42кг, 46кг, 50кг, 54кг салмақтағы жасоспірімдер арасында өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын кенінен қолдап, насихаттау, еркін күресті оскелен ұрпаққа дәріптеу, жас спортшылардың шеберлігін көтермелеу, салауатты өмір салтын насихаттау, жастар арасында достықты нығайту, егеменді еліміздің мықты палуандарын дайындауға бағытталды. Бұл іс-шара көптеген жастарымыздың спортқа деген қызығушылығын арттыра түскендігі айқын. Бұл созімізге сайысқа қатысушылар мен оны тамашалауға келген жастардың үлес салмағының өзі дәлел болмақ.

Жарыстың салтанатты ашылуына «Жастар орталығы» КММ-нің директоры М.Бейсенбаев қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі. Ал, сайыстың әділ өтуіне барынша күш жұмсаған Мақтарал ауданының балалар мен жасоспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушылары Е.Мамасерипов, Б.Бакибаев, М.Дутов, Е.Аққуловтер төрешілік өтті. Турнирге ауданымыздың онірлерінен 160 жас спортшы қатысты.

Төрешілердің шешімімен I-орынға 10, II-орынға 10, III-орынға 10 жас спортшы қол жеткізді. Женімпаздар мен жұлдегерлер арнайы алғыс хаттармен, тосбелгілермен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Гүлнұр Сұлтанова

Мақтарал аудандық «Жастар орталығы» КММ-нің қызметкері